

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Президент Әкімшілігінің Басшысы Мұрат Нұртілеу, Үкімет мүшелері, Ұлттық банк төрағасы, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері, орталық мемлекеттік органдардың және ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

Президент өз сөзінде еліміздің биылғы әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері талқыланып, алда тұрған басты міндеттер айқындалатынын атап өтті. – Қордаланған мәселелер аз емес. 11 айда экономиканың өсімі 4,6 пайыздан 2,7 пайызға дейін төмендеді. Инфляция соңғы 14 жылда болмаған деңгейге жетті. Қазір бұл көрсеткіш – 19,6 пайыз. Мұндай ахуал жұрттың табысына және әл-ауқатына кері әсерін тигізіп отыр. Жуырда өткен Президент сайлауы – бұл халықтың бізге артқан зор сенімі және қолдауы. Азаматтарымыз нақты оң өзгерістер бүгін және қазір болады деп үміттеніп отыр. Осы үміт пен сенімді ақтау – алдымызда тұрған ең басты міндет әрі қастерлі парыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент өзінің сайлауалды бағдарламасында еліміздің жаңа даму бағдары айқындалғанын, азаматтардың табысын арттырып, өмір сапасын жақсартуға баса назар аударылатынын атап өтіп, ерекше мән беруді қажет ететін бірқатар мәселеге тоқталды.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселесін көтерді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, ауыл мен қаланың ауқымында шешіле беретін тұрмыстық мәселелерді Үкіметтің деңгейінде қарауға мәжбүр болып отырмыз. Өйткені осы саладағы төтенше оқиғалар тым көп болып кетті. Петропавл, Теміртау, Степногорск, Балқаш, Қарағанды, Ақтөбе және Риддер қалаларында болған апаттардың ешқайсысынан әкімдер мен министрлер, әсіресе, меншік иелері тиісті қорытынды жасаған жоқ.

– Жақында Екібастұзда болған төтенше жағдай бұл саладағы ахуалдың қаншалықты күрделі

екенін айқын көрсетті. Қызметкерлердің жауапсыздығы, бақылау жүйесінің қауқарсыздығы мыңдаған адамды жылусыз қалдырды. Жауапты қызметкерлер қысты қалыпты режимде, аман-есен өткіземіз деп есеп берген. Бірақ іс жүзінде жағдайдың қалай болып жатқанын көріп отырсыздар. Павлодар облысының әкімі өз өтінішімен қызметінен босатылды. Ал құзырлы мемлекеттік орган – Энергетика министрлігінің ешқандай әрекетін көрген жоқпыз, бұл мекеме апатқа селқос қарап, бейтараптық танытты. Сондай-ақ төтенше жағдай қызметтерінің жұмысы дұрыс жолға қойылмаған. Олар баяу қимылдап, салғырттық танытты, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент тозу деңгейі 90 пайыздан асқан Екібастұз ЖЭС-ін мемлекетке 1 теңгеге сату туралы ұсыныс сараптауды қажет ететінін айтты. Оның пікірінше, нысанға тәуелсіз аудит жүргізу керек. Әбден тозған орталықты мемлекеттің тиімді басқара алу мәселесін зерттеу керек. Кәсіпорынның 50 пайызын алып, меншік иесіне Жылу электр орталығын күрделі жөндеуден өткізуді тапсырған жөн.

– Екібастұз тұрғындарына келтірілген зардапты өтеу шығындары меншік иесі мен республикалық бюджет арасында бөлінуі керек. Үкіметтің алдында соңғы жылдары меншік иелері ештеңе істемеген аса маңызды инфрақұрылым нысандарының әрқайсысын кешенді түрде тексеріп, шешім қабылдау міндеті тұр, – деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміздегі ЖЭС-тердің орташа тозу деңгейі 66 пайызға, ал кейбір қалаларда шекті межеден асып, 80 пайызға жеткеніне тоқталды. Жылу электр стансаларының үштен бірінің пайдалануға берілгеніне жарты ғасырдан асқан. Ал Шығыс Қазақстан облысының Риддер мен Шемонаиха қалаларындағы жылумен қамту желілері мүлдем тозған.

Президенттің айтуынша, энергетикалық нысандарды уақтылы жаңғырту ісін бақылауға алу Үкіметке бірнеше рет тапсырылған. Әйтсе де әкімдіктерге де туындаған мәселені орталыққа ысыра салуға болмайды.



– Менің тапсырмам бойынша Президент Әкімшілігі жанынан құрылған арнайы Комиссия кешенді шаралар әзірледі. Соған сәйкес бақылау-қадағалау тетігін күшейтіп, меншік иелерінің жауапкершілігін және жалпы саланың тиімділігін арттыру қажет. Комиссия дұрыс жұмыс істемей тұрған 19 жылу электр орталығын анықтады. Оларды шұғыл жаңғырту қажет. Алдын ала есеп бойынша, оған шамамен 90 миллиард теңге керек. Бұл қаражат, әрине, энергетикалық кәсіпорындардың тарифтік сметасында ескерілгені жөн. Мемлекет меншігіндегі энергетикалық нысандар бюджет есебінен жөнделуге тиіс. Ал жекеменшік нысандарды «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында өз қаражаты есебінен жаңғырту керек. Үкімет осы міндетті шешуге шұғыл кірісуі тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президент халықтың әл-ауқатын жақсарту мәселесіне де баса назар аударды.

– Негізгі тағам өнімдерінің қымбаттауы инфляцияның өсуіне себеп болып жатыр. Азық-түлік инфляциясы 24 пайыздан асты. Тұрғындардың ақшалай табысының өсу қарқыны соңғы бес жылдағы ең төмен деңгейде тұр. Елімізде қағаз жүзінде жұмыс істейтін, уақытша жұмыс істемейтін, өзін-өзі нәтижесіз жұмыспен қамтыған және жұмыссыз деп көрсетілген 900 мыңға жуық адам бар. Негізгі құжат – Халық табысын арттыру бағдарламасы. Осы құжатты қазіргі жағдайлармен сәйкестендірген жөн, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев өндірістік жарақат мәселесі күрделі проблемаға айналып бара жатқанына тоқталды.

– Биылғы 11 айда өндірісте 1124 адам зардап шекті. Оның 157-сі қайтыс болды. Кейбір кәсіпорында адам өліміне әкеп соқтыратын апаттар тым жиілеп кетті. «АрселорМиттал Теміртау» компаниясы – осының айқын дәлелі. Онда 2006 жылдан бері 20-дан астам апат болып, жүзден астам азаматымыз қазаға ұшырады. Биылдың өзінде 14 адамнан айырылып қалдық. Өткен аптада тағы бір жұмысшы опат болды. Мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың есебіне қарасақ, компания еңбек, экология және салық заңнамасын белден басып отыр. Инвестициялық міндеттемелерін де орындамайды. Қоғам әділ, қатаң және шұғыл шаралар қабылдауды талап етіп жатыр. Бұл мәселені Үкімет басшысы тікелей бақылауда ұстайды, – деді Президент.

Мемлекет басшысы өзінің тапсырмасымен инвестициялық жобалардың бірыңғай жүйесі әзірленгенін, алайда биыл жоспардағы 284 инвестициялық жобаның 43-і ғана жүзеге асырылғанын жеткізді.

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

– Мұның бәріне құр цифр ретінде қарауға болмайды. Өйткені соның кесірінен көптеген жұмыс орны ашылмай қалды. Ел экономикасы миллиардтаған теңге қаржыдан қағылды. Сыртқы істер министрлігі шетелден инвестор тарту үшін тиімді жұмыс атқарып жатқанын атап өткен жөн. Елшілер шетелдерде түрлі кездесу өткізіп, елімізге инвесторларды жетелеп әкеледі деуге болады. Бірақ жобаны жүзеге асыратын кезде, жергілікті жерде түрлі мәселе туындайды. Бір сөзбен айтсақ, біз дайын инвесторлардан айырылып қалып жатырмыз. Тағы да қайталап айтамын, инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға жағдай жасау, яғни жер бөлу, рұқсатнама беру, инфрақұрылыммен қамту – әкімдердің міндеті, – деді Мемлекет басшысы.

Президент баға белгілеуді келесі бір маңызды мәселе ретінде атап өтті. Сондай-ақ азық-түлік бағасын өсірмеу үшін басты бағыттар бойынша нақты жұмыс жүргізу керек екеніне тоқталды.

– Азық-түліктің бағасы жыл мезгіліне қарай қатты өзгереді. Күзде су тегін нәрсе көктемде шарықтап шыға келеді. Мұның шешімі біреу ғана – қойма инфрақұрылымын жасау керек. Бірақ бұл бағыттағы жұмыс баяу жүріп жатыр. Былтыр 83 мың тонна өнім сақтайтын қойма салу жоспарланғанмен, оның 64 мыңы ғана пайдалануға берілді немесе жоспар 77 пайызға орындалды. Биыл жұмыс біршама жандана түсті: 98 мың тонналық қойма салу жоспарланып, соның 87 мың тоннасы қазірдің өзінде іске қосылды. Дегенмен бұл бағыттағы шаруаны әлі де ширата түсу керек. Бүгінгі таңда азық-түлік қауіпсіздігі елді өркендетудің басты шарты екенін түсіну қажет. Агроөнеркәсіп кешенін, әсіресе ауыл шаруашылығы өнімін өңдеуді дамыту Үкімет пен әкімдер үшін басты басымдық болуға тиіс, – деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев әділ және тиімді экономикалық саясат жүргізілуі керек екеніне назар аударды. Оның пікірінше, елімізде әділ бәсеке орнап, бизнес адал жұмыс істесе, әділетті нарықтық экономика құрылады.

– Экономиканы монополиядан арылту үшін мекемеаралық комиссия құрылды. Бұл комиссия қажетті жұмысты тиімді жүргізіп жатыр. Қазір жеке меншікке заңсыз өтіп кеткен активтерді қайтаруға баса мән беріліп отыр. Бірақ, кейбір мәселелер назардан тыс қалып барады. Экономикаға мемлекеттің қатысуын азайту, монополистерді өзіне жанама қатысы бар нарықтың қызметіне араластырмау – өте маңызды жұмыс. Әкімшілік кедергілерді және нарыққа баға белгілеу арқылы қысым жасауды тоқтату керек. Мысалы, электр қуатын өндіру және оны жеткізу саласы монополистердің қолында. Олар тәуелсіз компаниялардың нарыққа кіруіне шектеу қойып отыр. Біз Электр қуатын бірыңғай сатып алу институтын енгізуге кірістік. Осылайша, тиімсіз делдал компанияларға шектеу қойылады. Өнім өндірушіге қаржы тікелей түседі. Нәтижесінде еліміз барлық өңірлер мен ұйымдар үшін ойға қонымды бағаға қол жеткізуге тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Президент бюджет саясатына арнайы тоқталды.

– Үкімет бюджет тұрақтылығын қамтамасыз етуі керек. Ұлттық қордың трансфертіне тәуелділіктен біртіндеп құтылуымыз қажет. Бір жылдан кейін Ұлттық қордың инвестициялық табысының жартысын балалардың есепшотына аудара бастаймыз. Сол кезде барша азаматтар Ұлттық қордағы ахуалды жіті қадағалап отыратын болады. «Әрбір азамат – ұлттық байлықтың иесі» деген сөз жай ұран емес. Бұл нағыз халықтық, қоғамдық бақылаудың басталғанын білдіреді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы ретте Мемлекет басшысы Үкімет пен Ұлттық банкке алдағы жеті жылда Ұлттық қордың активтерін 100 миллиард долларға жеткізу міндетін жүктегенін еске салды. Сондай-ақ ақшаны азырақ жұмсап, көбірек табыс табу керек екенін ескертті.

Сонымен қатар Президент жер қойнауын пайдалану саласында елеулі түйткілдер бар екенін жеткізді.

– Бас прокуратура Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бірлесіп, жер қойнауын пайдалану ісінің барлық сатысында заң бұзылатынын анықтады. Мемлекеттік жер қойнауын басқару бағдарламасында бұрмаланған немесе ескірген мәліметтер бар. Қоры нақтыланған және игеруге дайын тұрған кен орындарына барлау жұмысын жүргізуге 143 лицензия мен келісімшарт заңсыз берілген. Елімізде құнды пайдалы қазбасы бар кен орындары аз емес. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар осындай 87 кенішті заңсыз алған. Олар байқау өткізу рәсімдерін айналып өтіп, кеніштерді жеке компанияларға су тегін берген. Үкіметке Бас прокуратурамен бірлесіп, заңсыз берілген кен орындарын мемлекет меншігіне қайтару үшін тиісті шаралар қабылдауды тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев ауылдық жерлерді дамыту мәселесіне де арнайы тоқталды. Мемлекет басшысы жаңа президенттік өкілеттігіне кіріскен сәтте, ең алдымен, Ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамасын әзірлеу туралы Жарлыққа қол қойғанын айтып, ауылды өркендетудің мүлдем тың тәсілдері керек екеніне назар аударды.

– Ауыл жұртының көпшілігінде жер үлесі бар. Бірақ халық оның игілігін көре алмай отыр. Азық-түлік қауіпсіздігі бүкіл әлем бойынша басты мәселеге айналды. Биыл біздің елде астық мол шықты. Бірақ егіннің орташа шығымы әлі де төмен. Бұл салада заманауи технологияны қолдану өте маңызды. Шаруаларды осыған ынталандыру керек. Сондай-ақ тыңайтқыштың қолжетімді болуын қамтамасыз еткен жөн. Ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу ісін жақсартуға баса назар аудару қажет. Мемлекет жыл сайын агроөнеркәсіп кешенін дамытуға 350 миллиард теңгеден астам субсидия бөледі. Соған қарамастан, терең өңдеу өндірісі дамып жатқан жоқ. Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың ұлттық жобасындағы жоспарлар орындалмай жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Президент көтерген тағы бір өзекті мәселе – экономиканы кредиттеу және халықтың көп несие алуына тосқауыл қою.

– Нақты экономиканы кредиттеу ісін кеңейту қажет екенін бірнеше рет айттым. Бизнес қолжетімді қаржыландыруға зәру. Менің тапсырмаммен шұғыл шешімдер топтамасы әзірленді. Ол осы сектордағы қордаланған мәселелерді шешуге бағытталды. Атап айтқанда, зейнетақы жинағының 50 пайызына дейін жеке басқаруға беру үшін БЖЗҚ салымшыларының құқықтары кеңейтіледі. Бұл бизнесті кредиттеуге қажетті «ұзақ мерзімді қаржы» қорын қалыптастырады. Агроөнеркәсіп кешеніне берілетін кредитті арттыру үшін астық қолхаты институты толықтай цифрландырылып, қайтадан іске қосылады. Бұл агроөнеркәсіп кешені кәсіпорындары үшін сенімді кепіл болады. Экономиканың осы секторын әлдеқайда белсенді кредиттеу үшін жер қойнауын пайдалану құқығына да осындай өзгерістер енгізіледі. Бұған қоса, Үкімет пен қаржы саласын реттеу органдары «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында пайыз мөлшерлемесін субсидиялау мерзімін 7 жылға дейін созу мүмкіндігін қарастырған жөн деп санаймын. Әри-

не, бұл экономиканың тек анағұрлым басым бағыттарын қамтуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент тұтынушылық кредиттің шамадан тыс көбеюін төмендету керек екенін еске салды.

– Бүгінде проблемалық кредиттердің көлемі жарты триллион теңгеге жетті. Миллионнан астам адам өзінің банк алдындағы міндеттемелерін өтеуге жағдайы жоқ. Олардың көбі әбден торығып, ескі борышын жабу үшін жаңа кредит рәсімдеуге мәжбүр. Сондықтан 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Жеке тұлғалардың төлем қабілетін қалпына келтіру және олардың банкроттығы туралы» Заң күшіне енгуге тиіс. Сонымен қатар кепілсіз онлайн-микрокредиттеуді қатаң реттеу қажет. Кейбір елдерде оған толықтай тыйым салған. Осы тәжірибені зерттеген жөн, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа әкімшілік реформа жүргізуді тапсырғанын еске салды. Мұндағы басты мақсат – атқарушы билік органдары жұмысының тиімділігін арттыру.

– Қолданыстағы заңдар мемлекеттік органдарға толық дербестік беріп отырған жоқ. Мысалы, өз саласында нормативтік құқықтық актілер қабылдау үшін олардың құзыреті заң жүзінде бекітілуі керек. Тапсырмалар уақтылы орындалмайды. Шешім дер кезінде қабылданбайды. Сол себепті өзектілігін тез жоғалтады. Осындай түйткілді шешу үшін заңдарға мемлекеттік органдарға өз саласындағы құзыреті шегінде қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік беретін түзетулер енгізіліп жатыр, – деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Президент Әкімшілігі жүргізген талдау Үкіметтің қызметінде олқылықтар бар екенін көрсеткенін атап өтті. Мысалы, оның жұмысының жартысына жуығы уәкілетті органдар әзірлеген салалық шешімдерді мақұлдаумен шектеледі.

– Үкіметтің негізгі міндеті – жұмысты үйлестіру және оған басшылық ету. Жаңа әкімшілік реформа аясында заң шығару тәжірибесін жаңғырту қажет. Түрлі деңгейдегі мемлекеттік басқару органдарының орталыққа бағыныштылығын барынша азайтқан жөн. Осыған орай Үкіметке заңнамалық актілерді түгендеуді тапсырамын. Мемлекеттік органдардың негізгі міндеттері мен құзыреттері ғана заң жүзінде бекітілуі керек. Әр саладағы саясатты әзірлеу, оны жүргізу және бақылау құзыреті Үкіметтен орталық мемлекеттік органдарға берілуге тиіс. Орталық пен аймақтар арасындағы құзыреттерді бөлу ісін келесі жылы аяқтау қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент аса маңызды ұлттық жобалардың («Жайлы мектеп», «Ауылдық денсаулық сақтау», негізгі инвестициялық жобалар) орындалу барысын қадағалайтын Президенттің жобалық офисі өз жұмысын бастағанын хабарлады.

– Жобалық басқару саласындағы біліктілік мемлекеттік менеджерлер үшін бүкіл әлемде қалыпты стандартқа айналды. Ал біз оның не үшін керектігін түсіндіруден және орындаушыларды кеңсемен бірлесе жұмыс істеуге үгіттеуден аса алмай отырмыз. Әкімдер жаңа талапқа бейімделе білу керек. Жобалық кеңсе жетекшілеріне де шынайы жағдайға орай ойланып, прагматикалық тұрғыдан әрекет еткен жөн. Заманға қарай бейімделу керек. Әйтпесе, көш соңында қалуымыз мүмкін. Әділетті әрі дамыған мемлекет құру үшін жаңа кадр саясатын жүргізу керек. Алдағы өзгерістер, ең алдымен, адам капиталына қатысты болады. Жаңа кадр саясаты меритократия және кәсібилік қағидаттарына негізделеді, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент келесі жылы орталықта және жергілікті жерде ауқымды кадрлық өзгеріс жасалатынын атап өтті. Оның айтуын-

ша, бастықтардың үнемі бүйрегі бұрып тұратын адамдарымен қоштасуына тура келеді. Олардың орнын жаңа кадрлар басады. Қазақстанға тиімді жұмыс істейтін технократтар қажет.

– Министрлер және әкімдер өзіне қолайлы адамдарды ғана қызметке тағайындайтын әдетті доғаруға тиіс. Министрліктердің өзінде «керек адамын» тағайындау үшін заң талаптарын аттап өтетін немесе қалауынша өзгертіп алатын жағдайлар бар. Бұл әрекеттер барлық жерде кездеседі. Жер инспекциясы, құқық қорғау саласы, ревизиялық комиссия және басқа да бақылау органдары жергілікті биліктің ықпалында болмауы керек. Әділ бәсеке болмаса, кәсіби мамандар мемлекеттік қызметке қызықпайды. Дарынды жастар мемлекеттік қызметке келуге құлықсыз. Аймақтарда тек сол өңірдің азаматтары жұмыс істеуі керек деген қасаң түсініктен арылу керек. Адамның білікті болуы оның туған жеріне байланысты емес. Жұмыстың нақты нәтижесімен ғана бағаланады. Сонымен бірге квазимемлекеттік секторда тәртіп орнататын кез келді. Корпоративтік басқарудың икемді болуы – ойыңа не келсе, соны істеу деген сөз емес. Азаматтарды қызметке тағайындау барынша ашық және әділ болуға тиіс. Себебі бұл – ең алдымен, халыққа тиесілі мекемелер. Президент Әкімшілігі мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы тағайындауларды үнемі бақылауда ұстап отыруы керек. Жеке адамдардың мүддесін көздейтін кез келген әрекетке тосқауыл қойылуға тиіс. Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жеке сектордағы білікті мамандарды мемлекеттік қызметке тарту үшін қолайлы жағдай жасауы қажет. Елімізді өркендетеміз десек, бәріміз бір ел болып күш жұмылдыруымыз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік органдардағы атқарушылық тәртіпті сынға алды. Президенттің айтуынша, мемлекеттік аппарат берілген тапсырмаларды атүсті орындайды. Түрлі себептермен созбалаңға салып, орындалу мерзімі бірнеше рет кейінге шегеріледі.

– Жыл басынан бері Президент Әкімшілігі тапсырмалардың орындалу сапасына қатысты мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың атына 400-ден астам сын-ескертпе жолдаған. Ал осы тапсырмалардың негізгі үйлестірушісі – Үкімет тарапынан қадағалау тиісті деңгейде жүргізілген жоқ. Үкімет қызметін қамтамасыз етуге тиіс Премьер-Министр Кеңесінің жұмысы тек мемлекеттік органдардың дайын есебін жібере салумен шектеледі. Премьер-Министр Кеңесінің ведомствоаралық үйлестіру және салааралық мәселелерді шешу жөніндегі рөлін арттырып, Үкіметтің шағын аппараты ретінде кешенді түрде трансформация жасаған жөн. Мемлекеттік орган басшылары жекелеген мәселелер бойынша бұрынғыдай шешім қабылдаудан қорқады. Түрлі желеумен менің немесе Президент Әкімшілігінің мақұлдауын алуға тырысады. Кейде Үкімет мүшелеріне жазбаша тапсырма беруге тура келеді. Әйтпесе тапсырманың орындалмау, жобаның толық аяқталмай қалу қаупі бар. Бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы Жарлық аясында біз Үкімет пен уәкілетті мемлекеттік органдардың құзыретіне жататын ағымдағы мәселелер бойынша Президент Әкімшілігіне құжат жолдауға тыйым салдық. Алайда бұл тәжірибе әлі жойылған жоқ, – деді Президент.

Жиын барысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов еліміздің даму барысы және келесі жылдың жоспары туралы, Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматов ақша-несие саясаты жөнінде, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр Екібастұздағы жағдайды қалпына келтіру жұмыстарына қатысты баяндама жасады. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Алматы қаласы, Маңғыстау және Ұлытау облыстары әкімдерінің баяндамаларын тыңдап, әрқайсысына нақты тапсырма берді.

akorda.kz

## ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ ДАМУЫНЫҢ БИЫЛҒЫ 11 АЙДАҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІН АТАП КӨРСЕТТІ



ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Қазақстан экономикасының 2022 жылғы 11 айдағы негізгі даму көрсеткіштеріне тоқталды.

Әлихан Смайыловтың хабарлауынша, қаңтар-қарашада экономиканың өсу қарқыны 2,7% деңгейінде болды. Ауыл шаруашылығы, ақпарат және байланыс, құрылыс, өңдеу өнеркәсібі, сауда, көлік және қоймалау салалары оң өсуді көрсетуде. Экономика өсуінің баяулауы мұнай және тау-кен өндірістеріндегі баяулаумен байланысты. Биыл қаңтар-қазанда сыртқы сауда айналымы 34%-ға өсіп, \$111 млрд-ты құрады. Экспорт 45%-ға, соның ішінде өңделген тауарлар экспорты 35%-ға өсті. Оң сауда балансы 2 есеге ұлғайып, \$31 млрд-ты құрады. Премьер-Министр халықаралық өндірістік, көліктік және логистикалық байланыстардың бұзулуы жаһандық экономикаға кері әсерін тигізіп отырғанын атап өтті. Көптеген елдерде инфляцияның рекордтық деңгейі қалыптасуда. Биыл қараша айындағы жағдай бойынша Қазақстанда бұл көрсеткіш 19,6%-ды құрады. Оның негізгі факторлары – геосаяси шиеленістің күшеюі, әлемдегі бағаның рекордтық өсуі, логистиканың бұзылуы және көрші елдерде кейбір тауарлардың экспортына уақытша шектеулердің енгізілуі.

«Қазіргі кезде Үкімет инфляцияны бақылау және төмендету бойынша шаралар кешенін іске асыруда. Оның шеңберінде жедел және орта мерзімді іс-шаралар көзделген. Олар ішкі нарықтағы отандық тауарлардың үлесін арттыруға, тауарларды сақтау және тасымалдау тетіктерін дамытуға, бөлшек сауданы қолдауға бағытталған», – деді Әлихан Смайылов. Оның айтуынша, маусымаралық кезеңде азық-түлік тауарларының инфляциялық процестерін тежеу үшін ең тиімді нарықтық тетіктер, соның ішінде форвардтық қаржыландыру кеңінен пайдаланатын болады.

### 19 ШЕТЕЛДІК КОМПАНИЯ ҚАЗАҚСТАНДА ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Үкіметтің кеңейтілген отырысында ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Қазақстанға шетелдік капитал тарту жөніндегі жұмыс туралы баяндады.

Әлихан Смайылов ҚР Президентінің сайлауалды бағдарламасына сәйкес алдағы 7 жылда кемінде \$150 млрд тікелей шетелдік инвестиция тарту жұмыстары жүргізіліп жатқанын атап өтті. Мәселен, I жартыжылдықтың қорытындысы бойынша \$14,5 млрд тікелей инвестиция тартылды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 28%-ға артық.

«131 мың жаңа жұмыс орнын құруды көздейтін 30 трлн теңгеге 850 инвестициялық жобаның жалпыұлттық пулымен жұмыс жүргізілуде. Осы жылдың қорытындысы бойынша 18,5 мың жұмыс орнын құра отырып, 2 трлн теңгеге 190 жоба пайдалануға беріледі», – деді ол.

Сондай-ақ Премьер-Министр Қазақстанға бірқатар шетелдік кәсіпорынды көшіру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты. Бүгінгі таңда 19 компания көшірілді, ал басқалары бойынша бұл мәселе пысықталуда.

### ҮКІМЕТТІҢ ЖАҢА БЮДЖЕТ-САЛЫҚ САЯСАТЫ ҰЛТТЫҚ ҚОР АКТИВТЕРІН \$100 МЛРД-ҚА ДЕЙІН АРТТЫРУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

Үкімет қабылдаған шаралар алдағы жылдары Ұлттық қорға қаражат түсімдерінің көлемін ұлғайтуға және бюджет шығыстарының өсу қарқынын тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Бұл туралы Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов мәлімдеді.

Әлихан Смайылов қазіргі уақытта ҚР Президентінің сайлауалды бағдарламасын іске асыру басталғанын, оның шеңберінде 2030 жылға дейін Мемлекеттік қаржыны басқарудың жаңа тұжырымдамасы қағидаттарын енгізу жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

2023 жылы Ұлттық қордан алынатын трансферттерді 1,4 трлн теңгеге қысқартуға және бюджет шығыстарының өсу қарқынын тұрақтандыруға мүмкіндік беретін контрциклдік бюджеттік қағидалар бекітілді.

«Бюджеттің теңгерімділігі өзінің кіріс базасын ұлғайту және шығыстарды неғұрлым басым бағыттарға шоғырландыру есебінен қамтамасыз етіледі», – деп атап өтті Премьер-Министр.

Сонымен қатар, оның айтуынша, бюджет процесі мен салықтық әкімшілендіруді жеңілдетуге, осы бағыттарға жаңа цифрлық шешімдерді енгізуге мүмкіндік беретін жаңа Бюджет және Салық кодекстерін әзірлеу басталды.

«Жалпы алғанда, бюджет-салық саясаты 2030 жылға қарай мұнайға қатысты емес тапшылықты 5%-ға дейін төмендетуге, сондай-ақ Ұлттық қор активтерін \$100 млрд-қа дейін өсіруге бағытталатын болады», – деді Әлихан Смайылов.

Премьер-Министр көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру жалғасып жатқанын, оның шеңберінде заңнамалық база жетілдіріліп, кедендік әкімшілендіруді одан әрі цифрландыру, тауарларды қадағалаудың ұлттық жүйесін құру, қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамыту және валюталық бақылауды жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты.

«Қабылданып жатқан шаралар өз нәтижелерін беруде. Атап айтқанда, 11 ай ішінде салықтық және кедендік әкімшілендіруді жақсарту есебінен бюджетке 900 млрд теңгеден астам қосымша түсім қамтамасыз етілді. Жалпы осы жылы көлеңкелі экономика үлесінің ЖІӨ-ден 19%-ға дейін төмендеуі күтілуде», – деді Әлихан Смайылов.

primeminister.kz

# «ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ҮКІМЕТ ИНФЛЯЦИЯНЫ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТӨМЕНДЕТУ БОЙЫНША ШАРАЛАР КЕШЕНІН ІСКЕ АСЫРУДА»

2022-2024 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ИНФЛЯЦИЯ ДЕҢГЕЙІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТӨМЕНДЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР КЕШЕНІ

## 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖЕДЕЛ ШАРАЛАР



### ҰЛҒАЙТУ:

- АӨК-ТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫН 2 ЕСЕ
- «АЙНАЛЫМ СХЕМАСЫ» БОЙЫНША ҚАРЖЫЛАНДЫРУ
- ТҰРАҚТЫ ҚОРЛАРДЫ 50-ДЕН 100 МЛРД ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

### КҮШЕЙТУ:

- ӘМАТ-ҚА САУДА ҮСТЕМЕСІНІҢ САҚТАЛУЫН БАҚЫЛАУ
- МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САУДАНЫ РЕТТЕУ ШАРАЛАРЫ ІРІ ӨНДІРУШІЛЕР МЕН САУДА ЖЕЛІЛЕРІ АРАСЫНДА ӘМАТ БАҒАСЫН ТӨМЕНДЕТУ ЖӘНЕ ҰСТАП ТҰРУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМДЕР ЖАСАСУ

ҚОРЫТЫНДЫСЫ: ІРІ ӨНДІРУШІЛЕР МЕН САУДА ЖЕЛІЛЕРІ АРАСЫНДА ӘМАТ БАҒАСЫН ТӨМЕНДЕТУ ЖӘНЕ ҰСТАП ТҰРУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМДЕР ЖАСАСУ

## 2024 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІНГІ ОРТА МЕРЗІМДІ ШАРАЛАР



- ОТАНДЫҚ ӨНДІРУШІЛЕРДІ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ТАПСЫРЫСТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
- ІШКІ НАРЫҚТЫ ИМПОРТТЫ АЛМАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ
- ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ЖОБАЛАРЫН ҚОЛЖЕТІМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ ҰСЫНУ
- АЗАМАТТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӘМИЯНЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫЛАР МЕН ТӨЛЕМДЕРДІ ЕСЕПТЕУ ТЕТІГІН ЕНГІЗУ
- ТАУАР ӨТКІЗУ ЖЕЛІСІН ДАМУ



## БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ АУЫЛ: АӨК

### 2022 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

1 ЖАЛПЫ ЕГІСТІК ЖЕР – 23,4 МЛН ГА



ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕЛЕУ КӨЛЕМІ: КӨКТЕМГІ ЕГІС ЖӘНЕ ЕГІН ЖИНАУ ЖҰМЫСТАРЫ, ФОРВАРДТЫҚ САТЫП АЛУ – 220 МЛРД ТҒ, 2 ЕСЕ ӨСКЕН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫ – 145 МЛРД ТҒ

2

3

НАРЫҚТЫҚ БАҒАДАН 15% ТӨМЕН БАҒАМЕН 420 МЫҢ ТОННАДАН АСТАМ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ЖЖМ БЕРІЛДІ



МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ 5,2 МЛН ГА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕРЛЕРІ ҚАЙТАРЫЛДЫ

4

### 2022 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕР

- БОЛЖАМДЫ ЕГІС АЛАҢЫ – 23,8 МЛН ГА
- АӨК ЭКСПОРТЫНЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІНДЕГІ ҚАЙТА ӨҢДЕЛГЕН ӨНІМНІҢ ҮЛЕСІ – 45%
- АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕРЛЕРІН ҚАЙТАРУ – 5 МЛН ГА

БИҮЛ СОҢҒЫ 10 ЖЫЛДАҒЫ ЕҢ КӨП АСТЫҚ ЖИНАЛДЫ

21,1 МЛН ТОННА АСТЫҚ ЖИНАЛДЫ, ОРТАША ӨНІМДІЛІГІ – 14,2 Ц/ГА



## ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ ЖОБАСЫН ӘЗІРЛЕУ

### Негізгі тәсілдер



Салық саясатының ашықтығы мен болжамдылығын арттыру



Салықтық әкімшілендіруді қайта қарау



Тікелей өзара іс-қимылды азайта отырып, салықтық бақылауды толық цифрландыру



Экономиканың әртүрлі секторларындағы салық мөлшерлемесін саралау



Технологиялық жаңғыртуға және ғылыми жаңалықтарға бағытталған пайдадан корпоративтік табыс салығын азайту немесе одан босату



Салық төлеуден жалтаруға жол бермей, арнайы салық режимдерін оңайлату



Бөлшек салықты қолдануды кеңейту



Сән-салтанат заттарына салық салудың жоғарылауы



## 2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

2022 ж. іске асыру қорытындысы

### Орташа жалақының өсуі

дәрігерлердікі	мұғалімдердікі	бюджет саласының басқа мамандарының жалақысы	өндірістік қызметкерлердің жалақысы
30%-ға	25%-ға	20%-ға	10-50%-ға дейін

3 млн адамның жалақысы кезең-кезеңмен өсірілді

2022 ж. жоспар

2022 ж. 11 айы бойынша

2023 ж. жоспар



444 мың жаңа жұмыс орны

563 мың жаңа жұмыс орны

жоспардан  $\uparrow$  27%-ға жоғары



2022 ж. жоспарға  $\uparrow$  12%



## 2022 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-ҚАРАШАДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ



**2022 ЖЫЛҒЫ 11 АЙДА ҚАЗАҚСТАН  
ЭКОНОМИКАСЫ 2,7%-ҒА ӨСТІ**

**ӨСІМ КӨРСЕТКЕН  
САЛАЛАР**



**ІШКІ САУДА  
АЙНАЛЫМЫ – \$111 МЛРД (+34%)**  
2022 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-ҚАРАША

PRIME MINISTER.KZ

## КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКА ҮЛЕСІНІҢ ТӨМЕНДЕУІ

**2022 ЖЫЛҒЫ 11 АЙДА БЮДЖЕТКЕ  
ҚОСЫМША ҚАНША ҚАРАЖАТ ТҮСТІ**

**908** МЛРД ТЕҢГЕ

САЛЫҚТЫҚ ӘКІМШІЛЕНДІРУДЕН  
**772,4** МЛРД ТЕҢГЕ

КЕДЕНДІК ӘКІМШІЛЕНДІРУДЕН  
**135,6** МЛРД ТЕҢГЕ

КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКА ДЕҢГЕЙІН ЭЫДҰ ЕЛДЕРІНІҢ ДЕҢГЕЙІНЕ ДЕЙІН ТӨМЕНДЕТУ – 2025 ЖЫЛҒЫ ҚАРАЙ **15-17%** 2022 ЖЫЛЫ **19%**

**КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКАҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ 2021-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:**

- КІРІСТЕРДІ ЖЫЛЫСТАТУҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ
- САЛЫҚТЫҚ ЖӘНЕ КЕДЕНДІК ӘКІМШІЛЕНДІРУДІ ЦИФРЛАНДЫРУ
- ТАУАРЛАРДЫ БАҚЫЛАУДЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖҮЙЕСІ ҚҰРЫЛДЫ
- ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАСЫЗ ТӨЛЕМДЕРДІ ДАМУ
- ҚХР КЕДЕН БАСҚАРМАСЫМЕН ОНЛАЙН РЕЖИМІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚПАРАТ АЛМАСУ
- ВАЛЮТАЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

PRIME MINISTER.KZ



## ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫ



**2022 жылдың қорытындысы**

**КПО өндіру деңгейін қолдау жобалары:**

- 4-ші газды кері айдау компрессоры іске қосылды
- \$1 млрд сомасына 5-ші компрессордың құрылысы басталды
- \$735 млн сомасына 6-шы компрессор салу бойынша нақты инвестициялық шешім қабылданды

**Қуаты 1,1 млрд м3 газ Қашаған МӨЗ құрылысы басталды**

**Жер қойнауын пайдалану саласындағы жақсартылған модельдік келісімшарт (ЖМК) қабылданды**

**Шеврон тікелей инвестициялар қорының алғашқы жобаларына іріктеу жүргізілді**

**Мұнай есебін жүргізетін АЖ іске қосылып, өндірістік пайдалануға берілді**



**2023 жылға арналған міндеттер**

**Теңіз кен орнының сағалық қысымын басқару жобасын аяқтау**

**Қашаған кен орнын дамыту тұжырымдамасын қуаты 2-ден 8 млрд м3 газға дейінгі МӨЗ құрылысымен келісу**

**Қарашығанақ кен орнындағы газ есебінен БҚО-ға МӨЗ жүктеу**

**Ірі Мұнай-газ жобаларын дамытудың кешенді жоспарын әзірлеу**

**Жоспарланған инвестициялары \$9 млрд болатын екі ЖМК-ға (Қаламқас-Хазар және Қаратон (тұз астындағы) қол қою**



PRIME MINISTER.KZ

## НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2022 жылғы қаңтар-қараша

**+6,6%**

Инвестициялардың  
нақты өсу қарқыны



PRIME MINISTER.KZ

• Мәдениет

## «АЙБОЗ» ТҰҢҒЫШ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ



Мәдениет және спорт министрлігі «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығының қорытындысын жариялады. Жеңімпаздарды марапаттау салтанатты рәсімі Алматыда өтті.

Конкурсқа қатысу үшін барлығы 402 өтінім түсті. Оның ішінде қазылар алқасының таңдауымен 49 шығарма (әр аталым бойынша 7 шығармадан) байқаудың шорт-листіне енді. Өтінімдер 4 ай ішінде 7 аталым бойынша қабылданды: «Үздік проза», «Үздік поэзия», «Үздік драматургия», «Үздік көркем аударма», «Үздік балалар әдебиеті», «Үздік комикс», «Үздік кітап дизайны».

«Алаш кезеңінде үздік романға жарияланған бәйгенің арқасында төл мұраларымыз «Қамар сұлу», «Қалың мал» сияқты іргелі классикалық шығармалармен толықты. Бұл өркениетке, руханиятқа жасалған қызметтің өшпестігін дәлелдесе керек. Біздің де осы «Айбоз» сыйлығын жариялағандағы басты мақсатымыз – жаңа қазақ әдебиетіне сүйекті де сүбелі шығармалардың көптеп қосылуына ықпал ету болатын. Бүгінгі әдеби ұлттық сыйлыққа ие болған барша қаламгерді шын жүректен құттықтаймын», - деді Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев.

Министр қолданыстағы заңнамаға кітап шығаруға қатысты өзгерістер енгізілгенін де атап өтті.

«Кейінгі кезде әдебиетті цифрлы әлем ысырып тастады деп көп естиміз. Әлеуметтік желінің жеңіл жанрлары көркем шығармаларға жол беретін емес деп алаңдаймыз. Бірақ, біз әдебиет қаншалықты нәзік болғанымен, соншалықты қуатты екенін ескере бермейміз. «Әдебиет өз

бетімен дамуы қажет» деген пікірді де жиі естіп жатамыз. Әрине, нарық реттейтін тұстар болуы керек. Дегенмен, тарихтағы тұңғыш заманауи роман, Мигель де Сервантестің «Дон Кихоты» да арнайы сұраныспен жазылып, әлі күнге дейін сөремізден де, сөмкемізден де түспей келе жатқанын ұмытпауымыз керек. Әдебиетімізге жаңа есімдер мен тың туындылардың қосылуына айрықша мән беріп отырмыз. Биылдан бастап «Жаңа қазақ әдебиеті» сериясымен отандық авторлардың бұрын-соңды жарық көрмеген жаңа кітаптарын шығаруды бастадық», - деді Дәурен Абаев.

Сонымен, «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығының жеңімпаздары:

«ҮЗДІК ПОЭЗИЯ» аталымы бойынша «Жұмбақ арал» поэмасының авторы Батырхан Сәрсенхан жеңімпаз атанды.

«ҮЗДІК ПРОЗА» аталымында белгілі жазушы Айгүл Кемелбаеваның «Тырнақ» повесті үздік деп танылды.

«ҮЗДІК ДРАМАТУРГИЯ» аталымы бойынша «Мың мен жалғыз...» пьесасымен белгілі режиссер, жазушы Талғат Теменов, «Үздік аударма» аталымында Стефан Цвейгтің «Амок», «Бақилық ағаның көз жасы» новеллаларының аудармасы үшін Кенжебай Ахметов, «ҮЗДІК БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ» «Іздер құпиясы» шығармасымен Бекен Ыбырайым, «ҮЗДІК КІТАП ДИЗАЙНЫ» аталымында «Кенесары хан ұа сұлтан» кітабымен AmalBooks баспасы жеңімпаз деп танылды. Айта кетейік, қазылар алқасының шешімімен биыл «ҮЗДІК КО-



МИКС» аталымы бойынша марапат берілмейтін болды.

Қазылар алқасы жабық форматта жұмыс істеді. Марапаттау рәсімі барысында жүргізуші жеңімпаздардың аты-жөнін ғана емес, үздіктерді анықтаған қазылар алқасының құрамын да жарияланды. Сонымен, қазылар алқасында Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Ұлықбек Есдәулет, ақын Маралтай Райымбекұлы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Жүсіпбек Қорғасбек, жазушы, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Дидар Амантай, жазушы, сыншы-аудармашы Осман Төреғұлұлы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, жазушы Жұмабай Шаштайұлы, белгілі аудармашы-сыншы Әлия Бөпежанова, әдебиет сыншысы Тұрсынжан Шапай, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ақын Гүлнар Салықбай, баспагер-дизайнер Александр Садвакасов, жазушы Садық Шерімбек, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы-драматург Роза Мұқанова, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ақын, аудармашы Мейірхан Ақдәулет төрелік етті.

«Байқауға қатысқан авторлар да, олардың жұмысын сараптаған қазылар алқасы құрамы да соңғы сәтке дейін құпия болды. Біз шығармаларды оқып, баға бергенде авторлардың аты-жөнін, жасын, жетісіктері жайлы білген жоқпыз. Жасырын болды. «Айбоз» сыйлығы өз орнын тапқан әділ сыйлық болды деп есептеймін. Себебі әдебиетімізде Халықаралық «Алаш» сыйлығы бар, содан кейін Мемлекеттік сыйлық бар, осы екеуінің арасында дәл осы «Айбоз» секілді әдеби сыйлық керек еді. Мәдениет министрлігінің ыждахатымен дүниеге келген сыйлық үшін қаламгерлер қауымы атынан алғысымды білдіргім келеді», - деді қазылар алқасының төрағасы Ұлықбек Есдәулет.

ҚР МСМ баспасөз қызметі

### ДӘУРЕН АБАЕВ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП БЕРДІ

ҚР Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев он үш өңірде халықпен кездесулер өткізді. Жамбыл облысындағы екі сағаттық диалог барысында азаматтар жалақы мәселесі, спорттағы резерв жүйесі, кино саласы, еліміздегі спорт, мәдениет, туризмнің дамуына қатысты сұрақтар көтерді. Көпшілік шығармашылық және спорт үйірмелерінің жұмысы туралы сауалдарды да қойды. Министр ARTSPORT бағдарламасы 2023 жылы да

жұмысын жалғастыратынын айтты. Сондай-ақ, азаматтар жаттықтырушылар мен төрешілердің еңбекақысы, чемпиондарға тиесілі төлемдердің көтерілгені үшін алғыс айтты.

«Сан ғасырлық тарихы бар, тұғырлы тұлғаның талайына киелі бесік болған көне Тараз шаһарында сіздермен кездесіп отырғанымға қуаныштымын. Мәдениетімізді мыңжылдықтарға жалғаған бұл өңір – біз үшін қашанда қастерлі. Осы жылдың сәуір айынан бастап өңірлерде кездесулер өткізіп келеміз. Маңызды мәселелер талқыланып, ұсыныс-тілектер де айтылып жатыр», - деп атап өтті Дәурен Абаев.

Инфрақұрылым мәселелері де талқыланды. Биыл елімізде 114 жаңа нысанның құрылысы, 21 ірі спорт нысандарын қайта жөндеу жұмыстары басталды. Осы бағыт аясында Жамбыл облысында 2 дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынады.

Сондай-ақ Дәурен Абаев шетелдік фильмдерді қазақ тіліне дубляждау мәселесіне де тоқталды.

«Біз фильмдерді дубляждау бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіп жатырмыз. Сіздер білесіздер, «Аватар» және «Қара пантера: Ваканда жасасын!» фильмдері қазақ тіліне дубляжданды. Ал, жыл соңына дейін «Аватар. Су жолы» аударылып қазақ тіліне дыбысталатын болады. Бұл жұмысты жүзеге асыру үшін жыл сайын 300 дубляж актері еңбек етуде. Бүгінде қазақ тілі дубляждағы екінші түркі тілі ретінде дараланып, Blu-Ray-да көруге болатын Голливуд фильмдерінің негізгі жеті тіліне енді», - деді министр.

Айта кетейік, халықпен кездесу аясында БАҚ өкілдері үшін брифинг және азаматтарды жеке қабылдау өтті.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Баспасөз қызметі









## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЕҢ МАҢЫЗДЫ ҒҰРЫПТАРЫНЫҢ БІРІ – ТҰСАУ КЕСУ



Бұл баланың өмірдегі жолы жеңіл және жарқын болуы үшін аяғындағы тұсауын кесу. Ерте кезден бастап және бүгінгі күнге дейін қазақ халқы бала тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Баланың дүниеге келуі үлкен қуаныш болып саналды және оның барысында әр түрлі салт-дәстүр қатар жүреді. Тұсаукесер – қазақтың көне дәстүрлерінің бірі, ол бүгінгі күнге дейін сақталып келеді. Бұл рәсім кішкентай балаға арналған және оны бала тез аяққа тұруы үшін жасайды. Тұсау кесу дәстүрі қазақ халқында тәңірлік кезеңнен бері бар деп саналады. Әдетте, бала алғашқы қадамдарды жасай бастағанда жүзеге асырылады. Көбінесе ол сәби жасқа толғанда жасалады. Біздің ата-бабаларымыз, егер сіз тұсау кесу рәсімін жасамасаңыз, онда баланың болашағы бақытсыз болады, ол өзінің өмір жолында жиі сүрінеді деп сенген. Егер әдет-ғұрып орындалса, онда баланы жарқын және сәтті тағдыр күтеді деп есептеген. Тұсаукесер – баланың ата-анасы үшін маңызды және ұлан-асыр мереке күні. Қонақтар үшін дастархан жайылып, мерекені көңілді өткізеді. Тұсаукесер өткізу ережелері: Дәстүр бойынша, тұсау кесу үшін ақ жолды бейнелейтін ақ мата және түрлі-түсті арқандар алынады. Көбінесе олар үш түсті: қызыл, ақ және жасыл болады. Ақ – тазалықтың, жасыл – денсаулық пен ұзақ өмірдің, ал қызыл – молшылықтың символы. Тұсау кесу рәсімі кезінде баланың аяғы осы арқанның көмегімен сегіз саны сияқты – шексіздік символымен байланады. Отбасы мүшелерінің алдын-ала таңдаған жігерлі, мейірімді, жағымды қасиеттері мен үлкен өмірлік жетістіктері бар адам тұсауын кеседі. Баланың болашақ жолы да оның тұсауын кескен адам сияқты сәтті болады деп ырымдаған. Дәл сол адам жіптерді кескеннен кейін баланы екі қолынан ұстап бірнеше заттар қойылған ақ жолдың соңына дейін жетелеп апарды. Әдетте алма, кітап, ақша және домбыра болады. Қазақ халқы ежелден баланы қандай зат таңдайды, оның тағдыры да сондай болады деп сенген. Егер алманы таңдаса, ол үнемі тоқ болады, егер кітап болса – ақылды және білімқұмар, ақша болса – бай, ал домбыра – шығармашылық адамы болады деп есептеген.

### БАЛАНЫҢ ТҰСАУЫН КІМДЕРГЕ КЕСУГЕ БОЛДЫ

Әр ұлттың өзіне тән тәрбиесі бар. Сол секілді қазақ дәстүрінде тәрбиелік мәні жоғары жоралғының бірі тұсаукесер болып та-

былады. Осы рәсиді орындау кезінде өзіндік "заңдылықтар" сақталған. KAZ.NUR.KZ порталы "баланың тұсауын кімдерге кездестірген?" деген сұраққа жауап іздеп көрді.

Қазақ халқы тұсауды кез келген адамға кескізбеген. Көбінесе жүріс-тұрысы ширақ, пысық, бір әулеттің түтінін түтетіп отырған келіншекке немесе өз ортасында сыйлы, абыройлы, қолға алған шаруасын тындырып жүретін еңбекқор азаматқа кескізеді. Бұл туралы Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова "Күретамыр" атты кітабында пікір білдірген. "Көпті көрген, талай немере-шөбере сүйген ұлағатты әжелер батасын беріп, ала жіпті баланың аяғына байлайды. Ал тұсауды қыз бала болса, жүрісі ширақ, істеген ісін тиянақты тындыратын қағилез, ақжарқын мінезді келіншекке, ұл баланың тұсауын жақсы аты ел аузында жүрген, қолға алған шаруасын нәтижелі атқаратын, еті тірі еңбекқор азаматқа кескізеді. Бұл жерде қалау – ата-ананың ықтиярында, көңілі түскен адамын оның қадір-қасиетіне қарай таңдап, тұсау кескізеді", — деді ол. Жазушы өз жинағында қазақ "жолы әлі ашылмаған" деп үйленбеген жігітке, тұрмысқа шықпаған қызға тұсау кескізбегенін атап өтті. Зейнеп Ахметова жас балаға тұсау кескізуді де құп көрмейді. Тағы бір есте сақтайтын дүние – қазақ ешқашан тұсауды артынан кеспеген. "Алды ашылуы керек деп алдынан кеседі", — деді Зейнеп Ахметова. Қазақта қаз-қаз тұрған сәбидің тез жүгіріп кетуі үшін жасалатын дәстүр тұсаукесер деп аталады. Халқымыздың ежелгі салты бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Ал біз тұсауды дұрыс кесіп жүрміз бе? Жалпы қыз баланың тұсауын кескен дұрыс па? Жасы тоқсанға таяған ақсақалдың әңгімесін естіген азамат осы тақырып аясында сөз қозғады деп жазды "Замана" басылымы. "Өздерін зиялылар қатарына қосып жүрген үш әйел қайшыларын қайшылап, енді ғана қадам баса бастаған кішкентай қыз баланы жарты сағат бойы шырылдатып, тұсауын үш мәрте кесті. "Тұсауды" бірі шығыстағы қысық көзді көршіміз синтетикалық мақтамен ширатып әзірлеп берген базардағы ала жіппен, екіншісі кепкен тоқ ішекпен, үшіншісі құраған көк шөппен жасады. Үшеуі де еңкейіп-тұруы қиындау әйелдер екен, ала келген «жіптерін» сондағы қызметте жүрген келіндеріне байлатты. Еңкейе алмайтын бірі тіпті ортаға үлкен үстел қойдырып, баланы соның үстіне шығарып, күрмеуін шесті. Мұны көрген қасымда отырған жасы тоқсанға тақап қалған



Ысқақ қария қайта-қайта басын шайқаумен болды", — деп бастады ол. Жігіттің айтуынша, қазіргі тұсаукесер тойларға бірінші рет қатысып отырған қария салттың өзгергенін алға тартыпты. Ала жіп байлағандарың дұрыс, бірақ ала мақта емес қой? Төрт түліктің бірі – қой жүнін ширатып байласаңдар болмас па? Жалпы, тұсауды адамның лауазымына қарап емес, кімге ұқсағанын қалайсың, жарлы болса да соған кескізгендерің дұрыс. Көк шөп – туған жерінде көктесін, тоқ ішек – баланың іші-сырты майлы болсын, ала жіп – ешкімнің ала жібін аттамай, адал азамат болып өссін деген мағынаны береді, қарақтарым! Баланың тұсауын бүгінгідей қайта-қайта емес, бір мәрте ғана кескендерің жөн", — депті ақсақал.

"Әжелер алақан жайып ақ тілек білдірсе, сыйлы ағасы тұсауын кесіп жатса, ажарлы абысын, өнерлі келіншек сүйінші сұрап жетелеп жүрсе, жарасымды болмас па? Қиылған ала жіпті бала көтермей жүрген келіншекке ырымдап тартса, көп ұзамай құрсақты болады деген ырым да бар. Мына жерде әне бір еркектеріңнің тұсау қиындыларын ырымдап қалталарына салып жатқанын байқап қалдым. Баланың алдына кес-кестеп қойып жатқан ақша, әмиян, шаппа, телефон сияқты заттарыңа жол болсын? Бұл кәрістерден келген жора. Бала қиялын қызықтауы үшін домбыра, кітап, қамшы, асық сынды заттар қойып жатса, сөкеттігі болмас еді. Ал тұсау кескен адамға бүгінгідей жастық-көрпе бермейді, сыйлыққа шапан немесе бас киім кигізеді", — деп түсіндірді.

**Ұлжан Ибраим, журналист.**

*О, халайық, қол жайып, Той тілеуін қолдайық,  
Мұсылманның заңдарын, Барша ағайын қорғайық.*

*Тоқ ішек пен ала жіп, Жасыл шөппен жарасып,  
Үш түрменен кесейік, Тұсауды біз санасып.*

*Тәй-тәй басып жүретін, Қуаныш қылып күлетін,  
Жүйрік болсын балаңыз, Мыңнан озып жүретін.*

*Қамқор болып халқына, Берік болсын антына.  
Есейгенде қымбатты, Сыйлы болсын жалпыға.*

*Бүлдіршінім танып ал, Көп тілеуін қабыл ал,  
Тіл мен көзден сақтасын, Бойға тұмар тағып ал.*

*Қызықтарың халайық, Той думан ғып тарайық,  
Балақайым өссе екен, Ел жұртына лайық.*





